

Докторант Ерболат Ержанұлы Қайнардың 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері» атты диссертациясы туралы ресми рецензенттің

### **СЫН ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық пен ғылыми-техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Зерттеу жұмысымен танысқандағы түсінгенім және зәру мәселе деп есептегенім пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерінің қазақ тілінде таразылануы. Таразылау дегенім – диссертанттың әлі күнге дейін заң саласында иіні қанып үлгірмеген тақырыпқа тәуекел етіп барып, оны алаңсыз, алдаусыз өлшеуі; бұған дейін қазақ тілді заңгер зерттеушілердің арасында анығын таппаған дауға саналы түрде жанды айғақтармен кірісуі.

Сөз жоқ, автор өзіне үлкен міндет жүктеген. Олай дейтініміз, әдетте, заң саласындағы шешімін таппаған белгілі бір құбылыс белгілі бір кезең аясында, болмаса оның бірер қыры ғана есепке алынып, талданып жатады. Ізденуші бұл диссертациясында бірнеше нысанды кешенді түрде қарастырып, желімдей біріктіретін ішкі желіні үзбеуге тырысады. Мұны қылмыстық атқару жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың заңға қайшы әрекеттерін саралау ерекшеліктерін, криминологиялық сипаттарын сөз етуі көрсетеді. Біріктіретін ішкі желі дейтініміз – осы қылмыс түрлеріне қатысты саясаттың өзекті мәселелерінің қазіргі күндегі өркен жаюын арқау ете зерделеуі. Докторант кіріспе бөлімінде Елбасының айтқан дәлелдерін орынды келтіреді. Бұдан мемлекеттік бағдарлама, зерттеудің практикалық маңызы айқын көрінеді.

Басы ашық нәрсе түрмедегі ұйымдасқан қылмыстың табиғатын ғылыми тезге салу қажет-ақ. Ізденуші өз зерттеуін осындай осал тұсқа арнап, оны жетілдірудің ерекшеліктері мен технологиясын ашып көрсетеді.

Тоқ етерін айтқанда, Е.Е. Қайнардың диссертациялық жұмысын зердеден өткізе отырып, ішкі істер органдары қылмыстық-атқару жүйесінің осы саладағы қызметіне қарамастан, бас бостандығынан айыру мекемелерінде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресін қанағаттанарлық деп айтуға болмайтындай. Оған аталған қылмыстардың түрлі себептермен 80 пайыздан астамының ашылмайтыны, екіншіден, бұл қылмысты тергеулердің нәтижелілігі бұрынғысынша өте-мөте төмен, қозғалған қылмыстық істердің орта есеппен оннан бір бөлігі ғана соттың қарауына жетеді. Бұл бәрінен бұрын ұйымдасқан қылмыспен күрес жүргізетін бақылау-тексеру және құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктермен байланысты екені айдан анық.

Көрсетілген проблема қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мемлекеттік маңызы бар саясаттың мазмұны бас бостандығынан

айыру мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмысты практика жүзінде ғана емес, оны зерттеп-зерделеуді де мақсат етеді. Сондықтан Е.Е. Қайнардың диссертациялық зерттеуі ғылымдардың дамуымен, практикалық сұраныстардың өтелуімен сабақтас ізденіс деп білемін, өзара іліктес, сабақтас зерттеу деуге толық негіз бар.

**2. «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 8, 10-баптарының диссертацияға қойылатын талаптарына ғылыми нәтижелердің сай болуы.**

Докторант Е.Е. Қайнардың «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері» атты диссертациясы Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің және ғылыми қызметкерлердің бD030300 – «құқық қорғау қызметі» мамандығына сәйкес жазылған. Ізденушінің біршама қалыптасып қалған ғылымилығы оның зерттеу жүргізу, дәлелдемелер мен дәйектемелерді жүйелеу, жалпы жазу мәдениеті мен мәнерінен айқын байқалады. Көздеген тиісті мақсаты мен міндетіне сай жазылған phd докторы ғылыми дәрежеге қойылар талаптар деңгейіндегі жұмыс. Ізденуші Е.Е. Қайнардың ұсынған ғылыми жұмысы диссертацияның алдына қойған міндеттерін шешуге бағытталған бірқатар мәселелер мен ережелерден тұратын ғылыми толыққанды ізденісі мынандай ғылыми нәтижелерде көрінеді:

1-нәтиже, ізденуші ҚР ПІМ 2014 жылғы 13 тамыздағы №508 «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» бұйрығының 3-бөлімі бойынша: «Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы» ережесіне толықтырулар енгізіп, мекемелерде сотталғандармен жұмыс жасайтын теолог штатын енгізу кезек күттірмейтін мәселе екендігін дәлелдейді. Бүгінгі күннің сұранысына жауап беретін ұсыныс. Бұл ізденушінің зерттеу нәтижесі, оны өзіндік пайым-ізденістерімен дәлелдейді.

2-нәтиже. Докторант қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру» қарастырылатын 11-тарау 307-баптың 1-бөлімінің мәтінін былайша берілуін ұсынады: «Ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру немесе **пенитенциарлық мекемелерінде құмар ойындардың түрлерін ойнау, ұйымдастыру** не Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыру». Бұл, сөз жоқ, ұтымды тұжырым. Бұл бап қылмыс құрамын жаңа редакцияда беруді негіздейді.

3-нәтиже. Жазаны өтеу орындарындағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу және қылмыстық орта түсінігінің таралуының алдын алу мен жою мақсатында ҚР ПІМ 2014 жылғы 13 тамыздағы №508 «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» ережелеріне бас бостандығынан айыру орындарында жедел араласу үшін қажетті **«Жедел жасақ» құру ережесімен**

толықтырылу негізделеді. Бұл да негізсіз емес. Қазіргі күні түрме әкімшілігіне жаппай бағынбаушылық қатардағы оқиға ретінде есептелетін болды. Бұл дұрыс емес.

4-нәтиже. Қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу белгілерін, қылмыстық ортаның түсініктерін жою және олармен күресу мақсатында қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Сот төрелігі және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың» 17-тарауына «Бас бостандығынан айыру мекемелерінде қылмыстық орта субмәдениетінің түсінігін тарату немесе еліктеуге шақыру» бойынша жаңа бап қосу, оның мәтіні былайша көрініс табуы қажет: «1. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде қылмыстық ортаның қағидаларын ұстану, сол сияқты басқа да сотталғандарға қылмыстық ортаның субмәдениетін ұстануға шақыру және бас бостандығынан айыру мекемесінде өзін қылмыстық ортаның беделдісі ретінде ұстану мен басқаларды өзіне бағындыру, оларды құқық бұзушылықтар жасауға шақыру - бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады; 2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады». Көтеріліп отырған бұл мәселе өте-өте өзекті. Қылмыстық ортаның түсінігімен күрес жүргізуді бүкіл қоғам болып қолға алған жөн деп білеміз.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Ғылыми жұмыста бірқатар ғылыми нәтижелер орнымен шынайы тиянақ тапқан. Зерттеу барысындағы негізделген тұжырымдар мен жасалған қорытындылар еңбектің алға қойған мақсаттарынан тікелей туындаған заңды қорытындылар. Басты ғылыми нәтиже нысанды жан-жақты зерттеп қарастырудан көрінеді. Жалпы алғанда, ғылыми жұмыстың қорытындыларының дәрежесі жоғары, әрбір нәтиженің негізделуі мен дәйектелу деңгейі талапқа сай, жүйелі өрілген.

1-нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту бойынша ұсыныстары орынды.

2-нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің баптарына өз өзгертулер енгізуге ұсыныстар жасауынан айқын аңдалады. Тұжырымдары мен қорытындылары негізді де шынайы деген тоқтам айтамын.

3-нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жазаны өтеу орындарындағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу және қылмыстық орта түсінігінің таралуының алдын алу мен жою ішкі істер органдарының алдына қойылатын келелі проблема. Бұндай құбылыстарға әлеуметтік ықпал ету айырмашылығын нақтылау қажеттілігі жөніндегі ойлары да алынған нәтижелер қатарынан табылады.

4-нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жазаны өтеу орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтардың небір ойын түрлерін бизнеске

айналдыруға жол беретін себептер мен жағдайларды болдырмау, қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тәсілдерді қолдануды арттыру, осы қылмысты болдырмаудың немесе алдын алу тұрғысынан жетілдіру жолдарын қарастыруымен өлшенеді. Тұжырымдары мен қорытындылары негізді де шынайы.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Иландыратыны, диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері өзіндік жаңалығы мен тың тұжырымдарға негізделгендігінен байқалады.

Қазіргі уақытта бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы қылмыстық-құқықтық құралдармен пәрменді күрес проблемасының өзі жеткіліксіз әзірленетіні, жағарып жатқан құқықтық реформалар жағдайында қажетті баптарға өзгерту мен толықтырулар жасау ұсыныстары нақты талданады.

Диссертацияда Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықтың түсінігі, Қылмыстық-атқару жүйе мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың көшбасшылары мен мүшелерінің сипаттамасы, ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыстық-атқару мекемелерінің криминологиялық жағдайына тигізетін ықпалы назардан тыс қалмайды.

1-нәтиженің жаңалығының дәрежесі қылмыстық атқару жүйесіндегі ахуалды жақсарту мемлекеттік саясат тұрғысынан сараланып, бағалануымен айшықты дегіміз келеді.

2-нәтиженің жаңалығы Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыруды дәлелдеуі осы салада кемшін қалып жатқандығын қапысыз ашуында жатыр.

3-нәтиженің жаңалығы, негізінде, жазаны өтеу орындарындағы ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу және қылмыстық орта түсінігінің таралуының алдын алу мен жою мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді нақтылау қажеттілігін айқындауымен өлшенеді.

4-нәтиженің жаңалығының дәрежесі қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың пайда болу белгілерін, қылмыстық ортаның түсініктерін жою және олармен күресу мақсатында қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 17-тарауына «Бас бостандығынан айыру мекемелерінде қылмыстық орта субмәдениетінің түсінігін тарату немесе еліктеуге шақыру» бойынша жаңа бап қосу туралы тұжырымынан айқын байқалады.

#### **5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Зерттеу жұмысындағы көтерілген мәселелердің бәрі басты бір мақсатқа негізделген. Диссертациялық еңбектің өн-бойында тұтас мазмұндық желі сақталып отырылады. Бөлімдер бір-бірімен тығыз қабысып, мәселелерді жүйемен қарастыру ретінде бірізділік логикалық үйлестік байқалады. Ғылыми диссертацияда алынған нәтижелер өзара берік сабақтас,

қорытындылар мен тұжырымдар мазмұндық аяда ойластырылған. Ізденушінің талдаулары ойды тиянақтай отырып, бір-біріне жалғастығы бар қорытындылар жасауға бейім екенін айғақтайды. Диссертацияда қарастырылғандардың бәрі жинақталып, жүйелі тұтастық құрайды. Осындай үйлесімдік алынған ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігінің беріктігін паш етеді. Кез келген түйін-тұжырым қазіргі қылмыстық атқару жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыспен күресу мәселесінің төңірегінде қарастырылады. Осыған орай диссертациялық ғылыми жұмыстың жүйелілігі, нәтижелерінің тығыз байланыстылығы, ішкі бірлікке негізделген сабақтастық сипаты өз дәрежесінде тұтастай сақталып отырылады.

**6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Ғылыми диссертациялық жұмыстың әуелгі тараулары мен бөлімдері пенитенциарлық мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстарға қарсы құқықтық саясаттың өзекті мәселелері, ұйымдық-құқықтық проблемалары, қылмыстық-құқықтық сипаттары заң, құқық саласындағы ерекше құбылыс екендігін, диссертант оның бүгінгі заманда саяси-әлеуметтік, қоғамдық, құқықтық, тәрбиелік мәселелерді шешуде нақты көмек болатын пікірлер арқылы теориялық тұрғыдан негіздеуге ұмтылады. Осыдан келіп, ғылыми зерттеу жұмысында алынған ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларды жаңаша танымдық талаптар тұрғысында қылмыстық, азаматтық сот процесінде керекті деректік материал ретінде пайдалануға әбден болады. Сонымен бірге ғылыми зерттеудің нәтижелерін заңдық оқу орындарында қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық құқық пәндері бойынша жүргізілетін дәрістік, арнаулы кустарда және семинарларда пайдаланылса, құба-құп.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары, зерттеудің басты нәтижелері әр түрлі ғылыми жинақтарда көрініс тапқан.

республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда талқыланды:

**ҚР БҒМ БҒСБК ұсынылған баспалардағы жарияланымдар**

1) «Қазақстан Республикасы Қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстылық және оның белгілерімен күресу жолдарын жетілдіру мәселелері» атты мақаласы «Наука и жизнь» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы №6 (27) 2014 жыл

2) «Қазақстан Республикасының Бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың ықпалы мен қылмыстарының түрлері» мақала Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршы Заң сериясы №2 (74) 2015 жыл

3) «Пенитенциарлық жүйесінің ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудегі рөлі мен туындайтын мәселелері» мақаласы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2015. – №5 (108).журналында жарық көрген.

**Шетел баспалардағы жарияланымдар**

4) «Kainar E.E. The problem of combating organized crime in the penal system of Republic of Kazakhstan and other countries» мақаласы JARLE-ASERS Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics(ISSN2068696X-Romania-Scopus). Summer. – 2015. – №2(12) басылымға шыққан.

#### **Халықаралық конференцияларындағы жарияланымдар**

5) «Ұйымдасқан қылмыстылықтың қылмыстық-құқықтық түсінігі» мақала ҚР ІІМ Қостанай академиясының «Ғылым» атты ғылыми журналы. N4, 2013 жыл.

6) «Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресуді жетілдірудің маңызы» мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының 1 том жинағы

7) «Ұйымдасқан қылмыстық ұйым және қылмыстық қауымдастық» мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының 9 том жинағы

8) «Влияние организованной преступности в местах лишения свободы» мақала Деятельность правоохранительных органов в современных условиях: материалы XIX Международной научно – практической конференции. – Иркутск: ФГКОУ ВПО ВСИ МВД России, 2014 жыл.

9) «Қазақстан Республикасының Пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың жас сотталған азаматтарға тигізетін ықпалын алдын алу мәселелері» мақала Ғылымның дамуындағы жастардың рөлі мен орны: Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы.

10) «Предупреждение организованной преступности в Пенитенциарной системе Республики Казахстан и других зарубежных стран» мақала IV Балтийский юридический форум «Закон и правопорядок в третьем тысячелетии»: Материалы международной научно-практической конференции / Под ред. С.В. Векленко. – Калининград: Калининградский филиал СПбУ МВД России, 2016 жыл.

#### **8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Ғылыми диссертацияның аннотациясы зерттеу жұмысының негізгі мазмұнын толығымен ашып және құрылымына толықтай сай. Ізденушінің алынған нәтижелері мен нақты қорытындылары, тұжырымдары аннотацияда нақты айғақталады.

#### **9. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

1. Жалпы алғанда, қылмыстық топтардың қоғамға қауіптілігін, ал жекелей алғанда, түзету мекемелері жүйесіндегі жоғары қоғамға қауіптілігін ескере отырып, авторға экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстық топтарға ерекше назар аударып, олардың түзету

мекемелерінде құру тетігіне акцент жасауы қажет еді. Бұл қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасындағы олқылықтарды ғана емес, түзету мекемелерінің жұмысындағы шығынды да көруге мүмкіндік берер еді.

2. Автордың өзінің жұмысында өзгерген жағдайларды ескере отырып зерттеген мәселелеріне жаңаша қарау ұмтылысымен келіспеуге де болмайды. Алайда, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін құрастыруда пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықтың түсігіні, сипаттамасын, ең бастысы тарихын «қайта қарастыру» терминінің орнына біздің көзқарасымыз бойынша, «қайта ойлау» терминін қолданған дұрыс болар еді.

3. Диссертацияның қолданбалы сипатын, оның тәжірибелік бағыттылығын ескере отырып, диссертантқа бас бостандығынан айыруға сотталған қылмыстық топтарды құрудың алдын алуға бағытталған түзету мекемелерінің қызметін жетілдіру бойынша қорғауға шығарылатын ұсыныстардың шеңберін кеңейткені жөн болар еді.

Осылайша, тәрбиелік сипаттағы «арнайы отрядтар құру» маңызды әрі уақытылы шарасынан басқа десертантқа еңбекпен қамтамасыз етуді және бас бостандығынан айыруға сотталғандарды оқытуды жақсартуға байланысты сұрақтарды қамтығаны жөн болар еді. Себебі түзету мекемелері жүйесіндегі көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі себебі соңғысының жұмыссыздығымен тікелей байланысты. ҚР ІІМ ҚАЖК мәліметтеріне сәйкес, түзету мекемелерінде ақылы еңбекпен тек сотталушылардың 50-60 пайызы қамтылған, қалған бөлігі – жартысына жуық қамтылмаған болып қалуда. Еңбекті, бас бостандығына айыруға сотталғандардың әрқайсысын жоғары жалақы төленетін еңбекпен қамтамасыз етуді және сотталушыларды скранысқа ие мамандықтарға оқытуды дұрыс ұйымдастырылған жағдайда түзету мекемелерінде құрылатын қылмыстық топтарға кіруге «ниет етушілердің» саны анағұрлым азаяр еді.

4. Автордың ҚР ҚК-не «бас бостандығынан айыру жазасын орындау мекемелерінде қылмыстық өтпелі мәдениетті насихаттау немесе соған тарту» жаңа бабын еңгізу туралы ойы қолдауға тұрарлық, бірақ мұндай өзгертуді әрекет етуші ҚР ҚК Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу 262 бабының немесе Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау 428 бабының шеңберінде еңгізу орынды болар еді.

Сонымен бірге, аталған ескертулердің ұсыныстық және дискуссиялық сипатын және олардың жұмыстың оң бағасына әсер етпейтінін атап өткен жөн.

## **10. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертациялық ізденістің жоғарыда аталған жетістіктерін атап көрсете отырып, докторант Е.Е. Қайнардың «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминалогиялық мәселелері» деген диссертациясының толық аяқталған, 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығына толық сәйкес келетін және диссертацияны

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жанындағы 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша заң ғылымдарының phd докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын диссертациялық кеңесінде қорғауға қарсы емеспін.

Қорыта айтқанда, докторант Е.Е. Қайнардың PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминалогиялық мәселелері» атты диссертациялық жұмысын ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеттінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына толық жауап беретін, ғылыми-теориялық пікірлері тың да тиянақты, тұжырымдары мен түйіндері дәлелді, атқарушылық іс жүргізуді жан-жақты зерттеп, тақырыптық өзектілігі мен мазмұнына сай соны қорытындылар жасаған еңбек деп бағалаймын және докторант Е.Е. Қайнардың осы еңбегі үшін заң ғылымдарының phd докторы дәрежесіне лайық деп білемін.

**Ресми оппонент,  
"Тұран" университетінің  
«Заңтану және халықаралық құқық»  
кафедрасының профессоры,  
заң ғылымдарының докторы,  
профессоры**



**Т.К.Акимжанов**

**"Тұран" университетінің «Заңтану және халықаралық құқық»  
кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы,  
профессоры Акимжанов Талғат Курмановичтың қолын растаймын**

**"Тұран" университетінің  
кадр бөлімінің бастығы**



**Н.А.Кибираева**